

жіберді. Сауықтың арты «ұйқы ашарға», «аударысқа», «көкпарға» айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмей қалды [4, 281]. Ұлттық ойын түрлері де кездесіп, ойындарды да барынша талғаммен ойнағанын байқатады және ұлттың танымын аңғарамыз.

Тілдегі этнолексика ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің негізін құрайды. Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және этнолингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды айқындай түсетін, этноақпаратты көрсететін тілдік материалдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісов Е. Этнолингвистика \\\ Ана тілі. -№ 3. 1994,-4 б.
2. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. -356 б.
3. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \\\ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы, 1997. -235 б.
4. Аймауытов. Ж. Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). – Астана, 1998.-325 б.

БАҚ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АҚПАРАТТЫ ШЫҢАЙЫ ҚОЛДАНБАҒАНДА ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ НЕМЕСЕ ТӨТЕП БЕРУ ЖОЛДАРЫ

*Қайнетден Ж.К., студент
Амангелдиева Г.С., оқытушы
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Мақалада журналистің өз құқықтарын қалай қолдануды және жағымсыз салдарларға тап болмау жайында қысқа ақпарат берілген. ҚР Заңдары аясында сараптама жүргізіліп, журналистің құқықтары мен міндеттері сараланды. Қызмет барысында журналист:

Алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруі тиіс;

Кейбір жағдайларда тексерілмеген ақпарат механизмі баяу жарылатын мина болуы ықтимал. Ол неліктен жұмыс істеп кетуі мүмкін?

Жиі жағдайларда журналист асығыста, кәсіби немқұрайдылығына байланысты немесе ақпарат берушіге асыра сенгендіктен алынған ақпаратты тексермейді. Кей кезде мұндай ақпарат баспадан кез келген салдарсыз өтеді. Өйткені себебі – ақпараттың шындыққа жанасқаны немесе ақпараттың назарсыз қалғаны. Бірақ, жиі дәйексіз ақпарат азаматтардан және заңды тұлғалардан ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы сотқа талап, арыз түрінде наразылық тудырады.

Мысалы, журналист болған жағдайдың куәгері болмай тұрып, кез келген жайт туралы ақпаратты N азаматтың көргенінен, оның болған жайт туралы пікірінен және азаматтарға берген сипаттама бойынша ақпарат дайындайды. Біреуді маскүнем, парақор деп айыптап және осы айтқаныңызға дәлел таба алмаса журналист сотқа түсуі мүмкін. Себебі, егер адам шынымен де парақор болса, оны растайтын сот үкімінің құжаттары болуы шарт. Егер адам тіркелу уақытында мас болса, ол медициналық сараптама немесе басқа да объективті мәліметтермен расталуы керек.

Адамдардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы сотқа талаптардың саны күннен күнге өсуде, сондықтан ақпаратты тексеру, ең алдымен журналист үшін маңызды болу керек. Себебі «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңның 21 бабы 2 тармағы журналисті шындыққа жанаспайтын ақпаратты таратпауға міндеттейді [1].

Мәліметтер мен пікірлерді ажырату;

Шартты түрде ақпаратты мәліметтер жайлы дерек және пікір, пайым, баға білдіру деп бөлуге болады. Кез келген ақпаратты баяндағанда, журналист деректің, пікір, пайым немесе бағаның өз орны бар екенін есте сақтауы керек. Мұндай ұсыным ар-намысты қадір-қасиетті іскерлік беделді қорғау туралы талаптарды қарастырған кезде соттың қайсысы дерек, қайсысы пікір, пайым немесе баға екенін ажырата алмауынан пайда болады. Бұл айырмашылық түбегейлі. Пікір, пайым немесе баға сотталмайды, себебі олар өмір сүру мен тыныс алу құқықтары сияқты табиғи және тартып алынбайтын адам құқықтары. Бұл құқық Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 бабымен кепілденген [2]. Сотта азаматтық құқықтардың жауапкершілігі фактіні бұрмалау кезде

ғана қозғалады (шындыққа жанаспайтын мәліметтер ҚР Азаматтық кодексінің 143 бабы) [3]. Сол себепті ақпаратты дайындаған уақытта «менің ойымша», «сыбыстар болып жатыр», «мүмкін» деген сақтандыратын тілдік айналымдарды қолданған дұрыс.

Журналистің куәлігі немесе басқа да жеке басты растайтын құжаттардың болуы міндетті;

Журналистің куәлігі болуы оны бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі ретінде ресми түрде көрсетеді. Куәлікті көрсете, репортер ақпаратты тез әрі оңай ала алады. Тек куәлік болған кезде ғана, тілші митинг, табиғат апаттары сияқты кездейсоқ оқиғаға қатысуына және араласуына болады.

Мамандыққа байланысты журналист кездейсоқ оқиғаларға жиі тап болады және әрдайым назарда жүреді. «Әділ сөз» фондының бақылауы журналистердің құқық қорғау органдарымен ұсталған жағдайларын жиі тіркейді [4]. Журналистің жеке куәлігі оған қамалатындай жағдай туғанда қылмыстық немесе әкімшілік түрде уақытты үнемдеуге көмектеседі. (Паспорттың немесе жеке куәліктің болуы журналистің куәлігі болмаған кезде азаматтық мәртебені растауға көмектеседі және бостандығы туралы сұрақ тезірек шешіледі) [4].

Журналист өз құжаттарын жарамдылық мерзіміне немесе суретті уақытылы өзгертуге байланысты тексеріп отыруы тиіс. Аталған құжаттарды оған қойылатын талаптарға сай ретке келтіріу, себебі мерзімінен өтіп кеткен құжат немесе дұрыс емес рәсімделген құжат көп уақыт алуы мүмкін.

Егер журналисті қамауға алса...

Журналист полиция қызметкерлерімен ұсталғанда өзінде бар құжатты ұсынуы міндетті. Не себепті және кім ретінде ұстағанын анықтау керек. Заң қамауға алу негізін қылмыстық-процессуалдық түрінде және әкімшілік түрде қарастырады.

Егер репортды қылмыстық-процессуалдық түрде ұстаса, онда ұстап алу себептері ҚР қылмыстық процессуалдық кодексінің 132 бабында көрсетілген [5]. Журналисті мына себептермен ұстап алу мүмкін:

- Қылмысты жасап жатқан кезде немесе жасап болғаннан кейін;
- Куәгерлер немесе жәбірленушілер тілшіні қылмыс жасаған адам ретінде атаса;
- Журналисте немесе оның киімінде, үйінде қылмыстық іздер табылса;
- Оперативті іздестіру кезінде табылған дәлелдерде журналистің қылмысты жасағаны немесе ауыр қылмыс ұйымдастыруы туралы шынайы мәліметтер болса.
- Журналисті жасырынған уақытта ғана қылмысқа күдікті ретінде ұстауы мүмкін.

Егер ұсталса, қамауға алыну себебін түсіндіруді талап етуі және өз құқықтары туралы ұмытпауы керек. Себебі заң журналистке кепілдік береді. Мысалы, қоңырау шалу немесе қорғаушыны жалдау құқықтары және т.б. [5].

Егер тілші заңсыз ұстасалса, онда ол ұстаған азаматтардың әрекетінің дәйексіздігі туралы сотқа арыз беруі керек; барлық көрсетілген материалдық шығындар мен моральдық зияндарды өтеуді талап етуіне болады. Дәл осылай «Азаттық-Свобода» радиосының меншікті тілшісі Батырхан Дәрімбет істеді. Ол Алматы қаласының ішкі істер басқармасына ар-намысты, қадір-қасиетті, іскерлік беделдікті қорғау туралы және дәйексіз ұстауға байланысты моральдық зиянды өтеу туралы арыз берді. Сотта азамат Дәрімбет оның полиция қызметкерлерімен ұсталуын осыдан бұрын митинг ұйымдастыру айыбынан ақталғанына байланысты заңсыз деп аталуын талап етті. Бұл істі журналист, өкінішке орай, жеңе алмады, бірақ, біздің ойымызша, заң оның жағында болды. Әлі күнге дейін журналистер өз құқықтарын сақтау үшін арпалысып жатыр [4].

Ақпаратты беруді талап ету;

Тәжірибеде журналист заңсыз ақпарат бермеумен жиі кездеседі, әсіресе бұл мемлекеттік мекемелер мен шенеуніктерге қатысты. Еске салсақ, «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңның 20 бабы журналистке ақпаратты сұрауға және талап етуге құқық береді, ал 2 бап мемлекеттік мекемелерді, қоғамдық бірлестіктерді, қызметкерлерді әрбір азаматқа оның құқықтарын қозғайтын құжаттар мен ақпараттармен таныстыруды міндеттейді. Ақпарат талдамалы түрде болмауы тиіс, себебі дәл осы заңның 18 бабы кез келген бұқаралық ақпарат құралдарының өкіліне бірдей шарт қояды. Журналистке ақпаратты бермей, мемлекеттік мекеме немесе шенеуніктер азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзады [1].

Әдетте мемлекеттік мекемелер мен шенеуніктер өз жұмыстары туралы ақпаратты жедел түрде бермейді. Сондықтан журналистке ақпаратты алу үшін табандылық қажет екеніне дайын болуы

керек.

Түпнегізді қолдану;

Журналист көбіне ақпаратты екінші, үшінші ақпарат көздерінен алады. Осылайша берілген ақпарат өз құндылығын, бастапқы кездегі қалпын жоғалтады. Себебі біреу ақпаратты дұрыс естімеді, басқаша түсінді немесе басқаша қабылдады да, ақпаратты өз пікіріне сай жеткізді. Ақпараттың берілу тізбегі неғұрлым ұзын болса, «кедергі» соғұрлым күштірек болады. Ең сенімді жол – түпнегізді ақпаратқа жүгіну. Қате ақпарат бәле-жала мен тіл тигізу туралы, ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы талаптарға немесе шындыққа жанаспайтын ақпараттар бойынша қылмыстық істің қозғалуына алып келуі мүмкін [1].

Егер бұл сұқбат болса...

Сұқбат үшін, кем дегенде, екі адам қажет. Басқа сөздермен айтқанда, бұл сұқбат беруші мен сұқбат алушы арасындағы бірлескен авторлық жанр. Бұл әріптестіктің соңы жағымсыз жайттарға әкелмес үшін журналист бірнеше ережені сақтауы тиіс.

Заң сұқбат берушінің аудио немесе бейнежазбаға келісімін талап етеді. Тілшінің сұрақтарына жауап бере отырып немесе өзі жайлы баяндаған кезде ол көпшілікке танылатынын қаламайтын қосымша ақпаратты айтып қалуы мүмкін. Сондықтан, тілші нақты қай ақпаратты жазып алуға болатынын сұрау керек. Егер журналист сұқбатты жазып алуға рұқсат бермесе, онда оны өз еркімен жасауға болмайды, себебі заң суреттемеге байланысты азамат құқықтарын қорғайды.

Диктофонды қолдану;

Журналист қолымен жазған жазбаларында айтылған барлық ақпаратты қамти алмайды. Егер жағдай мен уақыт жеткіліксіз болса, онда мұндай жазбалар қысқартылған түрде жасалады. Жазбаларды қарастырған кезде журналист кейбір толымсыз жерлерді кезіктіруі мүмкін, ал оны дұрыстау үшін мүмкіндік жоқ. Сондықтан диктофонды қолданған дұрыс. Диктофонға жазылған аудио арқылы журналист ақпаратты жинау процесін толық ете алады. Алынған ақпаратты толығымен анализдеу мүмкіндігі пайда болады. Егер тілшіге шындыққа жанаспайтын ақпаратты таратты деген айып тағып отырса, ол әрқашан да өзінің айыпсыздығын қолдағы аудио жазбамен дәлелдеп бере алады.

Есте сақта! Барлығын және барлық жерде жаза беруге болмайды [6].

Сот процестері кезінде диктофонның қолданылуы міндетті. Қылмыстық-процессуалды кодексте, Азаматтық-процессуалды кодексте және Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінде сот процестерінің жариялығы мен ашықтылығын пайымдайтын және оны тіркеу әдістері туралы арнайы мақалалар бар.

Сотта қорғануды үйрену;

Журналистің қауіпсіздік техникасының негіздерін біле тұрып, тілші өзін кез келген жағдайда сақтандыра алады. Бірақ, егер тілші бәрібір сот процесінен құтыла алмаса, сотта қорғануды үйрену керек.

Журналист жиі сот талабымен (әсіресе ар-намысты, қадір-қасиетті қорғау туралы талап) бетпе-бет қалады. Не істеу керек? Ең алдымен, сабырлықты сақтау. Бұдан басқа, негізгісі – заңдарды білу. Журналистің заңгер емес екені түсінікті, бірақ сен өзің үшін болмасаң, сен үшін кім болады?

Журналист сотта өз бетінше ақталған кезде, оған керегі:

- арыз өтінішімен мұқият танысып, оған қандай және не себепті наразылық білдіріп тұрғанын түсіну;

- пікірталас болып жатқан мақаланы тауып, оның ішінен арызға байланысты мәтін үзінділерін табу;

- пікірталас туғызған үзінділерді анализдеу, ақпаратты фактке және пікір, пайым, бағаға бөлу;
- ақпаратты жинаған уақытта қандай материалдарға сүйенгенін есіне түсіріп, оларды қайтадан тексеру;

- өз мақаласының дәлдігін анықтайтын факттер мен дәйектерді жинау. Факттерді растайтын құжаттар табылса жақсы, мысалы: ақпарат туралы сұраныстың ресми жауабы, пресс-релиздің деректері, архивтік құжаттар және т.б.

- Журналист мақаласында айтылған факттерді растай алатын куәгерлерді табу. Тілшінің ақпарат көзі (жеке тұлға) сонымен қатар сотта да куәгер болуы мүмкін.

Келесі кезең – журналистің сотқа келуі. Болатын жері мен уақыты туралы тілшіге шақыру

қағазы арқылы ескертеді. Сотқа тек белгілі бір себеппен келмеуге болады (ауру, жолсапар, т.б.), бұл туралы міндетті түрде сотты ескертіп, оны дәлелдейтін қағазды ұсынуы қажет. Журналистің сотта болмауы өз құқықтарын қорғау мүмкіндігінен шектейді [6].

Заңның қандай үлгілерін және оларды қалай қалданудың жолдары өте көп. Оларды білу үшін заң факультетінде талай жылдар оқу керек. Бірақ бүгінгі күнде туындап жатқан мәселелер журналистің іскерлігіне қатысты негізгі құқықтарды білуге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Заңы. 22.04.2016 жаңартылған
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат. 02.02.2011 жаңартылған
3. ҚР Азаматтық кодексі №269-ХІІІ 27.12.1994 жылғы
4. Журналисты Казахстана: попытка автопортрета., Международный фонд защиты свободы слова «Адил соз», Алматы, 2003
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. ҚР Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-ҰҚРЗ 10.09.2016 жаңартылған
6. А.Константинов: Журналистское расследование: история метода и современная практика/ под общ.ред. А.Д.Константинова. – СПб.: «Издательский Дом «Нева»: М.: «ОЛМА ПРЕСС», 2003.- 480с.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Қалиев Б.А., ф.ғ.к., доцент,
Қозыбаева Ә., студент
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын «адамдық белгі» (А.Байтұрсынов) болғандықтан, сол арқылы қарым-қатынасқа түсіп қана адамдар өз болмысын, төл мәдениетін ана тілінде қалап дамытады.

Тіл тазалығын сақтап мәдениетті сөйлеу бүгінгі күні оқушылар арасында үлкен мәселе тудырады. Сөз арасына, негізінен, орыс, ағылшын тілі сөздерін қосу, жаргонмен сөйлеу ана тіліміздің тазалығын бұзады. Осылармен күрес мектеп қабырғасынан бастау алу керек. Біз білімді тек оқулықтан ғана алмаймыз, көпшілікпен өзара қарым-қатынас арқылы да өз ойымыздың тереңдігін шындаймыз. Мектепте тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, тіл арқылы оқушыға барлық ғылымның негізі үйретіледі. Оқушылардың білімді болуының басы айтушының сөзін тыңдай білуден, дұрыс сөйлеу білуден басталады.

Тіл мәдениетін оқыту баланың мектепке келген күннен бастап жүргізіледі. Қазақ тілі сабақтарында балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі.

Сонымен қатар мұғалімнің алдына 2 міндет қойылады. Бірі – тілдің әдеби тіл нормасы бойынша білім беру, яғни оқушыға орфоэпиялық және орфографиялық дағдыны меңгерту; екіншісі – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс тіркестіріп, даярлау. Оқушының сөздік қорын молайту, сөздерді өз орнына қолдана білуге жаттықтыру, оларды өзара байланыстырып сөйлем құрастыруға төселдіруге барынша мән берілуі тиіс [1, 64].

Баланың сөздік қоры – үдеріс. Оқушының неғұрлым сөздік қоры мол болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе, білімді терең де тез үйренеді. Осы мақсатқа жетудің бір жолы – лексикалық білімді игерту. Яғни оқушыны сөйлеуге үйрету үдерісінде ең маңызды орын алатын материал – лексика. Белгілі бір тілді меңгеру үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Адам қай тілде сөйлесін, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын дұрыс түсінбейді. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық құралдарды үйренбесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды [2, 118].